Негіздеме

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңының 32 бабының 12 тармағына сәйкес, көрнекті ғылым, мемлекет, мәдениет қайраткерлерінің өмірімен байланысты объектілер материалдық мәдени құндылықтар болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 13 мамырдағы «Қазақстан Республикасының музей қорын қалыптастыру және күтіп ұстау қағидаларын бекіту туралы» № 129 бұйрығының 2 тармағының 2.1 және 5.1 тармақшасына сәйкес, Қор сатып алу комиссиясының оң шешімінің негізінде ұсынылған мәдени құндылық –XIX ғ. аяғы-XX ғ. басында жасалған домбыра.

Қазақ халқының қол өнері көне заман тарихымен бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан бай қазына. Музыкалық аспаптары халық арасында ертеңден кең тараған. Олар ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан мәдени мұра. Қазақтың музыкалық аспаптарының өзіне тән үні, орындаушылық дәстүрі бар.

Қазақтың музыкалық аспаптары: үрмелі, ұрмалы, шертпелі және т.б. болып бөлінеді.

Домбыра – қазақ халқының арасында кең тараған түрі.

Ұсынылып отырған сирек кездесетін, құнды жәдігер домбыра (XIX ғ. аяғы-XXғ. басы) – Қытай Халық Республикасы, Іле Қазақ автономиялық облысы, Тоғызтарау ауданы, Ілгідай қыстағының тумасы Шаймұрат Әнапияға әкесінен мұра ретінде қалған.

Екі ішекті шертпелі аспап. Қарағай ағашынан қашау әдісі арқылы сопақша пішінді етіп жасалған. Бет тақтайында жүрекше тәрізді бір дыбыс ойығы бар. Екі құлақты, тиекті, 9 пернелі. Бет тақтайы мен артқы тақтайы екі жанынан қосымша тілік ағаш арқылы шегеленіп жасалған. Екі жақтауы 3 декоративті шегелермен безендірілген. Бет тақтайының жиегі жасыл бояумен жүргізілген. Домбыраның құлағы дөңгелек пішінді, үшбұрыштармен әшекейленіп, теріс салынған. Алғашқы ешкі ішегінен салынған ішектері сақталып, кейін балық аулайтын жіппен тартылған ішектері бар.

Қазақ халқының дәстүрі мен мәдениеті, этнографиясы мен тарихына қатысты ұсынылып отырған музейлік мәні бар заттың тарихи, музейлік құндылығы жоғары.

Бас қор сақтаушы **Р.Тұрсымбекова**